

**"Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 03 қыркүйектегі № 281-қ қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет Департаментінде 2014 жылғы 08 қазанда № 2509 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы № 7-қ қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 16.01.2020 № 7 - қ(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына және " Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 1672 Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Дәулет ауылдық округінің әкімі (С. Қартбайұлы) осы қаулының әділет органдарына мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Оңдабаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімнің міндетін атқарушы

Н. Тәжібаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Дәулет ауылдық округінің әкімі

## **"Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ**

### 1. Жалпы ережелер

1. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Дәулет ауылдық округі әкімінің қызметін ұйымдастыру-құқықтық, ақпараттық-талдау, консультациялық және материалдық-техникалық саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен әкімнің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130006, Мұнайлы ауданы, Дәулет ауылдық округі.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауыл әкімінің ақпараттық-талдау, ұйымдастыру-құқықтық және материалдық-техникалық қызметтерін қамтамасыз ету болып табылады.

14. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылысын, қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және елдегі әлеуметтік және экономикалық процесстерді басқару;

3) қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың конституциялық принциптерін өмірге енгізу, демократиялық әдістерімен мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін шешу;

4) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, азаматтардың құқықтық саналылығының және олардың елдің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенді азаматтық ұстанымдарының деңгейін арттыру;

5) қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау.

15. Функциялары:

Ақпараттық-талдау:

1) ақпараттарды жинауды, өңдеуді жүзеге асыру және ауыл әкімін әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер бойынша ақпараттық-талдау материалдарымен қамтамасыз ету;

2) Президент жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіру;

3) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік-құқықтық актілерді жариялау;

4) "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жай-күйіне және орындаушылық тәртібіне талдау жүргізу;

Ұйымдастыру-құқықтық функциялары:

1) "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жоспарлау, кеңестерді, семинарларды және басқа да іс-шараларды өткізу, олардың дайындығын және өткізілуін ұйымдастыру;

2) ауыл әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыс әкімінің, аудан әкімінің және ауыл әкімінің актілері мен тапсырмаларының орындалуына бақылау жүргізу;

4) заңнаманың сақталмағандығы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану;

5) "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметкерлерін даярлау және қайта даярлауды, құқықтық жалпы оқытуды ұйымдастыру;

6) әкімнің шығарған актілерін тіркеуді жүргізу;

7) әкімнің актілерін тиісті дәрежеде ресімдеуді және таратуды қамтамасыз ету ;

8) "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде іс жүргізуді жоспарға сәйкес ұйымдастыру;

9) қызметтік құжаттар мен азаматтардың өтініштерін қарау;

10) азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру;

11) мемлекеттік тілді кең түрде қолдануға бағытталған шараларды қабылдау;

12) жұмыстың тәсілі мен әдістерін жақсарту, жаңа ақпараттық технологияны енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

13) өз құзіреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариалдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру;

14) Мемлекеттік қызмет көрсету тізіліміне сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету;

15) Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету;

16) Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылауды жүргізу;

18) құзыретіне кіретін мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін Мемлекеттік қызмет көрсету тізіліміне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар жасау;

19) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) осы ережемен қарастырылған негізгі міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрауға және алуға құқығы бар;

2) мемлекеттік органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсініктемелер беру;

3) "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру**

17. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшылығы "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Дәулет ауылдық округінің әкімі жүзеге асырады.

18. Ауыл әкімі Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тәртіпте қызметке тағайындалады немесе сайланады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тәртіпте қызметінен босатылады немесе өз өкілеттігін тоқтатады.

19. Дәулет ауылдық округі әкімінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

20. Дәулет ауылдық округі әкімінің өкілеттігі:

Дәулет ауылдық округі әкімінің орынбасары мен "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің құзыреттері мен міндеттерінің шеңберін анықтайды;

"Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне Заңнамада белгіленген тәртіпте тәртіптік жазалар қолданады;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындайды және қызметтен босатады;

Дәулет ауылдық округінің әкімі басқа да мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен қарым-қатынастарды жүзеге асыруда өкілетті тұлға болып табылады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністе міндетті күші бар актілер шығарады.

Дәулет ауылдық округінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Дәулет ауылдық округінің әкімі өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі**

22. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Дәулет ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.